ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ
Элементтер мөлшерін электр термикалық атомдаумен атомды-абсорбциялық әдіспен анықтау

ВОДА
Определение содержания элементов атомно-абсорбционным методом с электротермической атомизацией

ҚР СТ 2318-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технология министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ

Элементтер мөлшерін электр термикалық атомдаумен атомды-абсорбциялық әдіспен анықтау

ҚР СТ 2318-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технология министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан метрология институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «Люмэкс-маркетинг» ЖШҚ **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 460-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт «Люмэкс-маркетинг» ЖШҚ әзірлеген Ә 01-46-2008 «МГА - 915» электр термикалық атомдаумен атомды-абсорбциялық спектрометр пайдалану арқылы атомды-абсорбциялық спектроскопия әдісімен табиғи және ағынды су сынамасында алюминий, барий, бериллий, ванадий, темір, кадмий, кобальт, литий, марганец, мыс, молибден, күшән, никелі, қалайы, қорғасын, селен, күміс, стронций, титан, хром, мырыш заттарының массалық концентрациясын өлшеуді орындау әдістемесі негізінде әзірленген (Санкт-Петербург қаласы, Ресей Федерациясы)

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2019 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жыл сайын, сондай-ақ мәтін өзгерістер мен түзетулер ай сайын басылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (өзгертілу) жою жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі.».

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ
Элементтер мөлшерін электр термикалық атомдаумен атомды-абсорбциялық әдіспен анықтау

Енгізілген күні 2014-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт электр термикалық атомдаумен атомды-абсорбциялық спектрометр пайдалану арқылы атомды-абсорбциялық спектроскопия әдісімен табиғи және ағынды су сынамасында алюминий, барий, бериллий, ванадий, темір, кадмий, кобальт, литий, марганец, мыс, молибден, күшән, никелі, қалайы, қорғасын, селен, күміс, стронций, титан, хром, мырыш заттарының массалық концентрациясын өлшеуді орындау әдістемесін белгілейді.

Осы стандарт сынама дайындау тәсілінен байланысты төменде көрсетілген элементтер ерітілген нысандар және/немесе нысандар қосындысы (ерітілген және өлшенген, білікті құрамды) салмақтық концентрациясын анықтауға арналған.

Элементтердің массалық концентрациясының өлшенетін мәндер ауқымы 1-кестеде келтірген.

1-кесте. Сұйылтуды ескере отырып, су сынамасындағы элементтердің массалық концентрациясын өлшеу ауқымы

Элемент	Өлшеу ауқымы, мг/дм^3
Алюминий	0,02 бастап 10 дейін қоса
Барий	0,025 бастап 8 дейін қоса
Бериллий	0,0001 бастап 0,005 дейін қоса.
Ванадий	0,01 бастап 1 дейін қоса
Темір (372 нм)	0,05 бастап 10 дейін қоса
Кадмий	0,0001 бастап 0,02 дейін қоса
Кобальт	0,0005 бастап 10 дейін қоса
Литий	0,001 бастап 0,3 дейін қоса
Марганец	0,002 бастап 1 дейін қоса
Мыс	0,0005 бастап 1 дейін қоса
Молибден	0,001 бастап 0,4 дейін қоса
Күшән	0,005 бастап 1 дейін қоса
Никель	0,005 бастап 1 дейін қоса
Қалайы	0,02 бастап 0,2 дейін қоса
Қорғасын	0,002 бастап 1 дейін қоса

Ресми басылым

1-кесте (*жалғасы*)

Элемент	Өлшеу ауқымы, мг/дм^3
Селен	0,002 бастап 1 дейін қоса
Күміс	0,005 бастап 1 дейін қоса
Стронций	0,001 бастап 1 дейін қоса
Титан	0,02 бастап 1 дейін қоса
Хром	0,005 бастап 1 дейін қоса
Мырыш (213,9 нм)	0,005 бастап 1 дейін қоса
Мырыш (307,6 нм)	0,1 бастап 10 дейін қоса

Сынамаларды минералдау 5 г/дм^{3}аспауға тиіс.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.1-2009 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 2.4-2009 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлікті қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдары типін бекіту және сынақ өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлікті қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдарының метрологиялық аттестациясын өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.79-2004 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Шетел өндірген заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық үлгілері. Қолдануға рұқсат ету тәртібі. Негізгі ережелер.

ҚР СТ ГОСТ Р 51592-2003 Су. Сынамаларды іріктеуге қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық шыны өлшеу ыдысы. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4204-77 Реактивтер. Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4461-77 Реактивтер. Азот қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ ИСО 5725-6-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы мен анықтығы).

ГОСТ 11125-84 Тазалығы ерекше азот қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14261-77 Тазалығы ерекше тұз қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14919-83 Электрплиталар, электр плиткалар және тұрмыстық қуыру электр шкафтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 25336-82 Зертханалық шыны ыдыстар мен жабдықтар. Типтері, негізгі параметрлер мен өлшемдер.

ГОСТ 29169-91 Зертханалық шыны ыдыстар. Пипетки с одной отметкой.

ГОСТ 29227-91 Зертханалық шыны ыдыстар. Градуирленген тамшуыр. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігін оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағы аймағына қойылатын жалпы санитарлық – гигиеналық талаптар.

ГОСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктеу және жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.019-79 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар және түрлер номенклатурасы.

ГОСТ 12.4.009-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасы. Негізгі түрлер.

ГОСТ 17.1.5.05-85 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Беттік және теңіз сулар және атмосфералық тұнба сынамаларын іріктеуге қойылатын жалпы талаптар.

Ескертпе. Осы стандарты пайдалану кезінде үстіміздегі жылдың берілген «Қазақстан Республикасы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші», «Стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» жыл сайын жарық көретін ақпараттық көрсеткіші бойынша және үстіміздегі жылы жарияланған тиісті ай сайын жарық көретін ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтеме құжаттардың қолданылуын тексеру керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай алынып тасталған жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [1] және ҚР СТ 2.1 сәйкес терминдер қолданылады

4 Қателік және оның құрауыштарының алдын ала жазылған сипаттамалары

Осы стандарт 2-кестеде келтірілген мәндерден аспайтын қателікпен өлшеу нәтижелерінің алуы қамтамасыз етіледі.

Әдістеме дәлдігінің көрсеткіш мәні:

- зертхана берген өлшеу нәтижелерін рәсімдеу;
- зертханада сынақ өткізу сапасын бағалау;
- нақты зертханада өлшемдерді орындау әдістемесін іске асыру кезінде өлшеу нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін бағалау кезінде пайдаланылады.

2-кесте. Қайталанғыштық, өнімділік және дәлдік көрсеткішінің мәндері

Өлшеу ауқымы, мг/дм^3	σ_r, %	σ_R, %	$\pm\delta$, %	$\pm\delta_{\bar{X}}$, %
Барий, бериллий, ванадий, кадмий, кобальт, литий, марганец, молибден, күшән, никель, қорғасын, күміс, стронций, хром				
0,0001 бастап 0,001 дейін қоса	14	20	40	34
0,001 бастап 0,01 дейін қоса	10	15	30	26
0,01 бастап 0,1 дейін қоса	8	12	24	20
0,1 жоғары	6	10	20	16
Мыс, селен				
0,0005 бастап 0,005 дейін қоса	17	25	50	42
0,005 бастап 0,05 дейін қоса	12	17	34	30
0,05 жоғары	6	10	20	16
Алюминий, темір, қалайы, титан				
0,02 бастап 0,1 дейін қоса	10	15	30	26
0,1 жоғары	6	10	20	16
Мырыш				
0,005 бастап 0,05 дейін қоса	15	20	40	34
0,05 бастап 0,5 дейін қоса	10	14	28	24
0,5 жоғары	6	10	20	16

1-ескертпе. Көрсеткіштердің белгіленген мәндері 1-кестеге сәйкес осы элемент үшін өлшеу ауқымына жатады.

2-ескертпе. σ_r - қайталанғыштық көрсеткіші (қайталанғыштың орташа квадраттық ауытқуының салыстырмалы мәні),

σ_R - өнімділік көрсеткіші (өнімділіктің орташа квадраттық ауытқуының салыстырмалы мәні), $\pm\delta$ – дәлдік көрсеткіші (n=1 параллель анықтама нәтижесінде P=0,95 ықтимал кезінде салыстырмалы қателік шекаралары және) $\pm\delta_{\bar{X}}$ – дәлдік көрсеткіші (n=2 параллель анықтама нәтижесінде P=0,95 ықтимал кезінде салыстырмалы қателік шекаралары).

5 Өлшеу құралдары, қосалқы құрылғылар, реактивтер мен материалдар

5.1 Өлшеу құралдары

Атомды-абсорбциялық спектрометр, мысалы, өлшеу ауқымы 190 нм бастап 400 нм дейін.

Өлшеу құтылар 2-25-2, 2-50-2, 2-100-2, 2-25-2, 2-500-2 ГОСТ 1770 бойынша;

Өлшеу дәлдігі 1; 2; 5; 10 см^3 болатын 2-класты градуирленген тамшуырлар ГОСТ 29227 бойынша;

Өлшеу дәлдігі 5; 10 см^3 болатын 2-класты бір белгілі тамшуырлар ГОСТ 29169 бойынша;

Сыйымдылығы 50; 100 см^3 болатын 2-класты өлшеу цилиндрлер бір белгілі тамшуырлар ГОСТ 1770 бойынша;

Бір арналы айнымалы көлемі 5 – 50 мм^3 немесе 10 – 100 мм^3 тамшуыр дозатор, көлем өлшеу қателігі ± 2 % артық емес;

Бір арналы айнымалы көлемі 0,5 – 10 мм^3 тамшуыр дозатор, көлем өлшеу қателігі ± 2,5 % мм^3 артық емес;

Анықталатын ион ерітінді (аттестатталған мәннің қателігі ± 1 %) құрамының мемлекеттік стандарттық үлгілері (МСҮ):

алюминий (1 мг/см^3)	ГСО 7269-96 бойынша;
барий (1 мг/см^3)	ГСО 7107-94 бойынша;
бериллий (0,1 мг/см^3)	ГСО 7759-2000 бойынша;
ванадий (1 мг/см^3)	ГСО 7267-96 бойынша;
темір (1 мг/см^3)	ГСО 7254-96 бойынша;
кадмий (1 мг/см^3)	ГСО 7472-98 бойынша;
кобальта (1 мг/см^3)	ГСО 7268-96 бойынша;
литий (1 мг/см^3)	ГСО 7780-2000 бойынша;
марганец (1 мг/см^3)	ГСО 7266-96 бойынша;
мыс (1 мг/см^3)	ГСО 7255-96 бойынша;
молибден (0,1 мг/см^3)	ГСО 7768-2000 бойынша;
күшьян (0,1 мг/см^3)	ГСО 7264-96-96 бойынша;
никель (1 мг/см^3)	ГСО 8001-93 бойынша;
қалайы (1 мг/см^3)	ГСО 7238-96 бойынша;
қорғасын (1 мг/см^3)	ГСО 7252-96 бойынша;
селен (1 мг/см^3)	ГСО 7340-96 бойынша;
күміс (1 мг/см^3)	ГСО 7782-2000 бойынша;
стронций (1 мг/см^3)	ГСО 7145-95 бойынша;
титан (1 мг/см^3)	ГСО 7205-95 бойынша;
хром (1 мг/см^3)	ГСО 8035-94 бойынша;
мырыш (1 мг/см^3)	ГСО 7256-96 бойынша.

1-ЕСКЕРТПЕ Метрологиялық сипаттамалары ұқсас немесе одан сапалы өлшеу құралының және стандарттық үлгілердің басқа да типтерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Пайдаланылатын өлшеу құралдары ҚР СТ 2.21 сәйкес типін бекіту мақсатында немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттау, Қазақстан Республикасы өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі тізіліміне және ҚР СТ 2.4 сәйкес салыстырып тексеруге жатады.

2-ЕСКЕРТПЕ Шет елдердің МСҮ ҚР СТ 2.79 сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілуге тиіс.

5.2 Қосалқы құралдар мен материалдар

Иондысыздандырылған суға арналған құрылғы немесе бидистиллятор немесе тазартылған суды айдауға арналған құрал (кварц немесе шыны).

Сыйымдылығы 100 см^3 термо төзімді зертханалық стакандар ГОСТ 25336 бойынша;

Сыйымдылығы 1000 см^3 термо төзімді конус тәрізді құтылар зертханалық стакандар ГОСТ 25336 бойынша;

Тұрмыстық электр плиткасы ГОСТ 14919 бойынша;
Зертханалық құйғылар ГОСТ 25336 бойынша;
«Көк лента» күлсіздендірілетін сүзгіштер;
Тесік өлшемі 0,45 мкм мембраналық сүзгіштер;
Индикаторлық әмбебап қағаз;
Өлшемдерді орындау үшін химиялық ыдыстарды дайындау тәртібі А қосымшасында келтірілген.

5.3 Реактивтер

Екі рет тазартылған немесе ионсыздандырылған су.
Азот қышқылы;
Азот қышқылы ГОСТ 11125 бойынша;
Сутек тотығы (30 %);
Азот қышқылы, х.т. ГОСТ 4461 бойынша;
Күкірт қышқылы, х.т. ГОСТ 4204 бойынша;
Тұз қышқылы, ос.т. ГОСТ 14261 бойынша;
Палладий нитраты;
Магний нитраты.

Ескертпе. Біліктілігі аталғандардан төмен емес басқа да нормативтік техникалық құжаттама бойынша дайындалған химиялық реактивтерді дайындауға рұқсат етіледі.

5.4 Ерітінділерді дайындау

Барлық ерітінділер екі рет тазартылған (ионсыздандырылған) суда дайындалады. Су сапасы 10.5 бойынша тексеріледі.

5.4.1 Азот қышқылының ерітіндісі, көлемдік үлесі 3 %

Өлшегіш құтыда 300-400 $см^3$ екі рет тазартылған (ионсыздандырылған) су құйылады, араластыру кезінде 30 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылы құйылады, 1000 $см^3$ дейін екі рет су құйылып араластырылады. Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған ыдыста сақтау мерзімі 3 ай.

Әрбір пайдалану алдында ерітінді сапасы 100.5 бойынша тексеріледі.

5.4.2 Палладий нитрат ерітіндісі, массалық концентрация 0,5 $г/дм^3$

Сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыда 1,25 $см^3$ бастапқы реактив ерітіндісі құйылады (массалық концентрациясы 10 $г/дм^3$) және белгіге дейін екі рет тазартылған (йонсыздандырылған) сумен жеткізеді.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған жабық ыдыста сақтау мерзімі 6 ай.

5.4.3 Магний нитрат ерітіндісі, массалық концентрация 0,5 $г/дм^3$

Сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыда 1,25 $см^3$ бастапқы реактив ерітіндісі құйылады (массалық концентрациясы 10 $г/дм^3$) және белгіге дейін екі рет тазартылған (йонсыздандырылған) сумен жеткізеді.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған жабық ыдыста сақтау мерзімі 6 ай.

5.4.4 Магний нитрат ерітіндісі, массалық концентрациясы 0,01 $г/дм^3$

Сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыда массалық концентрациясы 0,5 $г/дм^3$ 5.4.3 бойынша дайындалған 0,5 $см^3$ магний нитрат ерітіндісі құйылады, белгіге дейін екі рет тазартылған (йонсыздандырылған) сумен жеткізеді.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған жабық ыдыста сақтау мерзімі 1 ай.

5.4.5 Палладий нитраты-магний нитраты араласқан ерітіндісі, массалық концентрация 0,5 $г/дм^3$ бойынша

Сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыда 1,25 $см^3$ бастапқы реактив ерітіндісі құйылады (массалық концентрациясы 10 $г/дм^3$) және белгіге дейін екі рет тазартылған (йонсыздандырылған) сумен жеткізеді.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған жабық ыдыста сақтау мерзімі 6 ай.

Ескертпе. Тұтынуына байланысты өзге де ерітінді көлемін дайындауға рұқсат етіледі.

5.4.6 Массалық концентрациясы 100 $мг/дм^3$ жұмыс ерітінділерін дайындау

Сыйымдылығы 50 $см^3$ өлшегіш құтыға тиісті ион ерітіндісі құрамының 5 $см^3$ МСҮ тамшуыр көмегімен құйылады, 5.4.1 бойынша 3 % азот қышқыл ерітіндісімен белгіге дейін апарып араластырады.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған жабық ыдыста сақтауға төзімді ерітінді 3 ай.

Ескертпе. Осы концентрация ертіндісінің бериллий, молибден және күшән жағдайында дайындалмайды, себебі 0,1 $мг/см^3$ массалық концентрация бериллий, молибден және күшән ертіндісі МСҮ пайдаланады.

5.4.7 Массалық концентрациясы 1 $мг/дм^3$ жұмыс ерітінділері элементтерін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға тиісті ион ерітіндісі құрамының 5.4.6 бойынша дайындалған (немесе бериллий, молибден, күшән ерітіндісі 1 $см^3$ МСҮ) 1 $см^3$ жұмыс ерітіндісі құйылады, 3 % азот қышқылы ерітіндісімен 5.4.1 бойынша белгіге дейін апарып араластырады.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған жабық ыдыста сақтауға төзімді ерітінді 1 апта.

5.4.8 Массалық концентрациясы 100 $мкг/дм^3$ элементтері градуирлеу ерітінділерін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға тиісті ион ерітіндісі құрамының 5.4.7 бойынша дайындалған (немесе бериллий, молибден, күшән ерітіндісі 1 $см^3$ МСҮ) 10 $см^3$ жұмыс ерітіндісі құйылады, 3 % азот қышқылы ерітіндісімен 5.4.1 бойынша белгіге дейін апарып араластырады. Ерітінді жаңадан дайындалған күйінде пайдаланылады.

5.4.9 Массалық концентрациясы 50 $мкг/дм^3$ элементтерінің градуирлеу ерітінділерін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға тиісті ион ерітіндісі құрамының 5.4.7 бойынша дайындалған 5 $см^3$ жұмыс ерітіндісі құйылады, 3 % азот қышқылы ерітіндісімен 5.4.1 бойынша белгіге дейін апарып араластырады. Ерітінді жаңадан дайындалған күйінде пайдаланылады.

5.4.10 Массалық концентрациясы 20 мкг/$дм^3$ элементтерінің градуирлеу ерітінділерін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға тиісті ион ерітіндісі құрамының 5.4.7 бойынша дайындалған 2 $см^3$ жұмыс ерітіндісі құйылады, 3 % азот қышқылы ерітіндісімен 5.4.1 бойынша белгіге дейін апарып араластырады. Ерітінді жаңадан дайындалған күйінде пайдаланылады.

5.4.11 Массалық концентрациясы 10 мкг/$дм^3$ элементтерінің градуирлеу ерітінділерін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға тиісті ион ерітіндісі құрамының 5.4.7 бойынша дайындалған 1 $см^3$ жұмыс ерітіндісі құйылады, 3 % азот қышқылы ерітіндісімен 5.4.1 бойынша белгіге дейін апарып араластырады. Ерітінді жаңадан дайындалған күйінде пайдаланылады.

5.4.12 Массалық концентрациясы 5 мкг/$дм^3$ элементтерінің градуирлеу ерітінділерін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға 5.4.8 бойынша дайындалған массалық концентрациясы 100 мкг/$дм^3$ жұмыс ерітіндісі тиісті ион 5 $см^3$ ерітіндісі тамшуыр көмегімен құйылады, 3 % азот қышқылы ерітіндісімен 5.4.1 бойынша белгіге дейін апарып араластырады. Ерітінді жаңадан дайындалған күйінде пайдаланылады.

5.4.13 Массалық концентрациясы 1 мкг/$дм^3$ элементтерінің градуирлеу ерітінділерін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға 5.4.8 бойынша дайындалған массалық концентрациясы 100 мкг/$дм^3$ жұмыс ерітіндісі тиісті ион 1 $см^3$ ерітіндісі тамшуыр көмегімен құйылады, 3 % азот қышқылы ерітіндісімен 5.4.1 бойынша белгіге дейін апарып араластырады. Ерітінді жаңадан дайындалған күйінде пайдаланылады.

6 Өлшеу әдісі

Әдіс атомды-абсорбциялық спектрометрдің графиттік кюветте атомдық будың қабаты арқылы өтуі кезінде пайда болатын жарықтың резонанстық сіңуді өлшеуге негізделген. Элементтердің құрамы интегралдық аналитикалық сигнал шамасымен анықталады және алдын ала белгіленген градуирлеу сипаттамасы бойынша есептеледі

7 Персонал біліктілігіне қойылатын талаптар

Өлшемдерді орындауға және олардың нәтижесін өңдеуге өлшем нәтижелерінің сапасын бақылау процедураларын орындау кезінде қанағатты

нәтиже көрсететін және жаттығу процесіндегі әдістерді меңгерген тиісті нұсқаудан өткен, химиялық зертханада жұмыс өтілі бар және жоғары немесе орта арнайы химик мамандығы бар маманға рұқсат етіледі.

8 Қауіпсіздік талаптары

Өлшемдерді орындау кезінде ГОСТ 12.1.007 бойынша химиялық реактивтермен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі талаптарын, ГОСТ 12.1.019 бойынша электр қондырғыларымен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі талаптарын, атомды-абсорбциялық спектрометрге арналған техникалық құжаттамада көрсетілген талаптарды сақтау керек.

Ғимарат ГОСТ 12.1.004 бойынша өрт қауіпсіздігі талаптарына және ГОСТ 12.4.009 өрт сөндіру құралдарына сәйкес келуге тиіс. Ауадағы зиянды заттардың құрамы ГОСТ 12.1.005 бойынша рұқсат етілетін мәндерден аспауға тиіс.

Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру ГОСТ 12.0.004 бойынша.

9 Өлшемдерді орындау шарттары

9.1 Өлшемдерді орындау кезінде мына қалыпты жағдайлар сақталуға тиіс:

- қоршаған ортаның температурасы, °С	20 ± 5
- салыстырмалы ылғалдығы, %	80 артық емес
- атмосфералық қысым, кПа	84 бастап 106,7 дейін

10 Өлшемдерді орындауға дайындау

Өлшемдерді орындауға дайындау кезінде мына жұмыстарды өткізуге тиіс:

Сынамаларды іріктеу, конверциялау және дайындау, жұмысқа спектрометрді дайындау, өлшемдерді өткізу шарттарын таңдау, гарфиттік кюветаны дайындау, 5.4.1 бойынша азот қышқылының ерітіндісі және екі рет тазартылған (йонсызданды рылған) су сапасын тексеру және спектрометр градуирлеу.

10.1 Сынамаларды іріктеу және консервациялау

Сынамаларды іріктеуге қойылатын жалпы талаптар ҚР СТ ГОСТ Р 51592 бойынша. Табиғи су сынамаларды іріктеу ГОСТ 17.1.5.05 бойынша, ағынды су [2] бойынша өндіріледі.

Іріктелетін сынама көлемі кемінде 250 $см^3$ құрайды. Су сынамалары А қосымшасына сәйкес дайындалған таза полиэтилен немесе фторопласт бөтелкеде және алдын ала шайылған іріктелген сумен іріктеледі.

Сынама элементтерінің ерітілген нысандарын анықтау кезінде сүзгіштің (10-20 $см^3$) алғашқы порциясын шығара отырып, тесігі 0,45 мкм («көк лента» қағаз сүзгіштерін пайдалануға рұқсат етіледі) мембраналық сүзгіш арқылы іріктеу орнында сүзеді.

Сүзгіш 1 $дм^3$ суда қышқылының 3 $см^3$ есебінен концентрацияланған азот қышқылы қышқылданады және pH мәні бақыланады.

Егер pH мәні 2 артатын болса (әмбебап индикатор бойынша бақылау), онда pH ≤ 2 мәніне жеткенге дейін азот қышқылын қосу жалғасады.

Элементтер формасы қосындысын анықтау кезінде (ерітілген және өлшенген, білікті құрамы) сүзілмеген сынама 1 $дм^3$ суда қышқылының 3 $см^3$ есебінен концентрацияланған азот қышқылы қышқылданады (сынаманы іріктеу орнында және pH мәні бақыланады. Егер pH мәні 2 артатын болса (әмбебап индикатор бойынша бақылау), онда pH ≤ 2 мәніне жеткенге дейін азот қышқылын қосу жалғасады.

Жеке сынаманың қалайыны анықтау қажеттілігі кезінде 1 $дм^3$ суда қышқылының 3 $см^3$ есебінен концентрацияланған тұз қышқылы қышқылданады

Алюминий құрамын анықтау кезінде тұз қышқылымен сынаманы консервациялауға рұқсат етіледі.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған консервацияланған ыдыста сақтау мерзімі 1 ай.

Ескертпе. Сүзгіштер 5.4.1 бойынша азот қышқылы ерітіндісімен бірнеше рет алдын ала шаю қажет және 10.5 бойынша сүзгіште анықталатын элементтің концентрациясын бақылау керек.

10.2 Сынамаларды талдауға дайындау

Сынаманың екі аликвоталық порциядық бір уақытта дайындалады. Табиғи және ағынды судағы элементтің білікті құрамын анықтау кезінде консервацияланған сынамалар мұқият араластырылады (кемінде 3 мин), содан соң көлемі 50 $см^3$ болатын екі аликвоталық порция өлшегіш цилиндрмен іріктеледі.

Әрбір аликвота сыйымдылығы 100 $см^3$ термо төзімді стақанға құйылады және 2,5 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылы және 1,5 $см^3$ сутек тотығы қосылады. Қайнатпай екі сағат бойы плиткада қыздырады (ерітінді бұл ретте көлемі 20 $см^3$ болғанға дейін буланады).

Буланған сынамалар сыйымдылығы 50 $см^3$ болатын өлшегіш құтыға құйылады, сол құтыдағы екі рет тазартылған сумен стақандар шайылады және құтыдағы ерітінді белгіге дейін екі рет тазартылған сумен жеткізеді.

Құты ішіндегісі араластырылады және алдын ала шаю арқылы сүзіледі және «көк лента» сүзгіші тазалығына бақыланған немесе сүзгіштің бірінші порциясына (10 $см^3$) шығара отырып, мембраналық сүзгіштер (10.1 сілтеме) арқылы сүзіледі.

Дайындалған сынамалар полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған ыдыста сақтау мерзімі 5 күннен артық емес.

Табиғи және ағынды судағы элементтің білікті құрамын анықтау кезінде өте жоғары жиілікті минерализатор пайдалануымен сынамаларды қышқылды өңдеу өткізуді рұқсат етіледі (Б қосымшасы).

Өте жоғары жиілікті минерализаторды пайдалану кезінде дайындаушының нұсқаулығымен басшылық етеді.

Егер табиғи судың консервацияланған сынамасында көзге көрінетін тұнбалар немесе өлшемдер болмаса, осы тармаққа сәйкес оның дайындығын өткізбеуге рұқсат етіледі, ал өлшемдер 11.1 сәйкес тікелей өткізуге болады.

Егер өлшеу нәтижелерінің салыстырмалы орташа квадраттық ауытқу (ОКА) 6 % аспайтын болса, онда өлшеу нәтижелері нақты деп саналады. Кері жағдайда жоғарыда сипатталған сияқты сынаманың екі аликвоталық порциясы өңдеуді өткізу керек.

Элементтердің ерітілген нысанының массалық концентрациясын анықтау кезінде 10.1 сынама бойынша сүзілген және консервацияланған тікелей талдауды өткізеді.

10.3 Бос сынаманы дайындау

Бос сынаманы элементтердің білікті құрамын анықтау кезінде жұмысшы сынамалардың әрбір топтамаларымен бір уақытта талданады.

Кемінде екі параллель бос сынамаларды былай дайындайды: сыйымдылығы 50 $см^3$ өлшегіш құтыға 2,5 $см^3$ концентрациялаған азот қышқылы және сынамаларды талдауға дайындау кезінде пайдаланылатын 1,5 $см^3$ сутек тотығын енгізеді, ерітінді белгіге дейін екі рет тазартылған (ионсыздандырылған) сумен жеткізіп араластырады.

10.4 Графиттік кюветаны дайындау

Кез келген өлшемдерді орындау алдында «бос атомдау» өткізу керек, яғни, атомизатордың графиттік кюветінде сынама өткізбей өлшемдердің 3-кесте) таңдалған параметрлері кезінде атомдау процесінің барлық процедурасын іске асырады.

Элементпен анықталатын кюветаның ластануы жоқ екенін көз жеткізу қажет, ластану бар болса, оны алып тастау керек.

Ластауды жою үшін «бос атомдау» процедурасы, яғни кюветаның күюі» бірнеше рет өткізуі мүмкін.

Егер аналитикалық сигналдың мәндері кювета ОКА 5 өлшемдер үшін 6 % аспайтын жағдайда мәндерден жоғары көрсетілгендерге шығыс бос сигналдың артуы рұқсат етілетіндер үшін барий және стронцийлерді есептемегенде барлық элементтер үшін 0,005 аспайтын жағдайда таза деп саналады.

10.5 Екі рет тазартылған (йонсыздандырылған) су және азот қышқылы ерітіндісінің сапасын бақылау

Жұмыс бастау алдында екі рет тазартылған (йонсыздандырылған) су және азот қышқылы ерітіндісінің сапасы тексеріледі. Ол үшін градуирлеу сипаттамалары үшін белгіленгендер үшін 11.1 сәйкес анықталатын элементтердің массалық концентрациясы өлшенеді.

Су сапасы (азот қышқылы ерітіндісі) егер 40 $мм^3$ енгізу кезінде элементтің массалық концентрациясының өлшенген мәні градуирлеу ерітіндінің массалық

концентрациясы мәнінің 4-кестеде келтіргендердің 5 % аспайтын жағдайда, қанағатты деп саналады.

Егер зертханада осы элемент үшін градуирлеу сипаттамасы белгіленбеген жағдайда, онда дайындаушы – фирмада белгіленген градуирлеу сипаттамасы пайдаланылады. Градуирлеу сипаттамасында болмаған кезде судың бірдей көлемінен (азот қышқылы ерітіндісі) және 0,05 аспауға тиіс градуирлеу ерітіндісінен (мысалы, 20 мм^3) аналитикалық сигналдардың қатынасы болады.

10.6 Спектрометрді градуирлеу

Спектрометрді градуирлеу сипаттамасы элемент массасынан аналитикалық сигнал тәуелділігін білдіреді.

10.4 бойынша дайындаған атомизатордың графиттік кюветасын 5.4.7 - 5.4.13 сәйкес дайындалған тиісті элементтің 10, 20, 40 мм^3 градуирлеу ерітіндісін автосемплер көмегімен немесе тікелей дозатормен енгізеді.

Әрбір элемент үшін градуирлеу ерітіндісінің массалық концентрациясының ұсынылатын мәндері 4-кестеде көрсетілген.

Мырыш үшін градуирлеу сипаттамасын белгілеу кезінде (толқынның жұмыс ұзындығы 213,9 нм) В қосымшасын басшылыққа алады.

Сынамаларды талдау және градуирлеу кезінде әрбір элемент үшін атомдау процесінің әр түрлі сатысын өткізудің ұсынылатын параметрлері 3-кестеде келтірілген. Седен, күшән және қалайы үшін міндетті түрде енгізіледі.

3-кесте. Талдауды өткізу шарттары

Элемент	Толқын ұзындығы, нм	Кептіру		Пиролиз 1		Пиролиз 2*		Атомдау		Тазалау	
		Уақыт, с	Температура, °С	Уақыт, с	Температура, °С	Уақыт, с	Температура, , °С	Уақыт, с	Температура, °С	Уақыт, с	Температура, °С
Al**	257,4	40	120	20-30	700	—	—	1,5	2600	2,0	2750
Ba	553,6	40	120	20-30	700	—	—	1,5	2650	2,0	2800
Be Be	234,9	40	120	20-30	700 700	—	—	1,5	2800 2600	2,0	2850 2700
V	318,4	40	120	20-30	700	—	—	1.5	2800	2,0	2850
Fe	372	40	120	20-30	700	—	—	1,5	2400	2,0	2550
Cd	228,8	40	120	20-30	400	—	—	1.5	1300	2,0	1500
Co	240,7	40	120	20-30	500	—	—	1.5	2450	2,0	2600
Li	670,8	40	120	20-30	600	—	—	1.5	2450	2.0	2600
Mn	279,5	40	120	20-30	500	—	—	1.5	2100	2,0	2400

3-кесте (*жалғасы*)

Элемент	Толқын ұзындығы, нм	Кептіру		Пиролиз 1		Пиролиз 2*		Атомдау		Тазалау	
		Уақыт, с	Температура,°С	Уақыт, с	Температура,°С	Уақыт, с	Температура, , °С	Уақыт, с	Температура, °С	Уақыт, с	Температура,°С
Си	324,7	40	120	20-30	500	—	—	1.5	2100	2,0	2400
Mo	313,3	40	120	20-30	700	—	—	1.5	2800	2.0	2850
As	193,7	40	120	20-30	600	—	—	1.5	2750	2,0	2800
Ni	232,0	40	120	20-30	600	—	—	1,5	2650	2,0	2750
Sn	286,3	40	120	20-30	600	—	—	1,5	2700	2,0	2850
Pb **Pb**	283.3	40	120	20-30		—	—	1,5	2450 1700	2,0	2700 1900
Se	196,1	40	120	20-30	700	—	—	1,5	2600	20	2800
Ag **Ag**	328,1	40	120	20-30	500 500	—	—	1,5	2200 1800	2,0	2000
Sr	460,7	40	120	20-30	700	—	—	1,5	2600	2,0	2800
Ti	364,3	40	120	20-30	600	—	—	1.5	2830	2,0	2900
Cr	357,9	40	120	20-30	600	—	—	1,5	2550	2,0	2700
Zn	307,6 213,9	40	120	20-30	400	—	—	1,5	1500	2,0	1700

* Пиролиз 2 қажеттілік кезінде өткізіледі (егер 11.1 бойынша нәтижелердің анықтығы расталмаса). Пиролиз 2 ұсынылатын шарттары: уақыты 5 с, температурасы 1000-1200 °С.
** 257,4 линияда алюминиймен жұмыс істеу кезінде 18 мА сәулелену көзінің жұмыс тогын белгілеу керек (спектрометрді пайдалану бойынша нұсқаулық).

Градуирлеу ерітіндісінің ұсынылатын көлемінің әрқайсысын 5 реттен графиттік кюветаға жүйелеп енгізеді және спектрометрге программалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, аналитикалық сигнал шамасын өлшейді. Содан кейін барлық енгізулер үшін сигналдың орташа арифметикалық мәні және оның 6 % аспауға тиіс ОКА есептеледі. Егер осы шарт сақталмаса, онда тұрақсыздық себебі анықталып жойылуға тиіс және градуирлеу ерітіндісін қайта енгізу керек. Аналитикалық сигнал ретінде «нөлдік» нүктесі (тиісті элементтің массасы нөлге тең) графиттік кюветаның 10.4 бойынша күйдірілген сигналы алынады.

4-кесте. Градуирлеу сипаттамасын құру үшін ерітінділердің массалық концентрациясының ұсынылатын мәндері

Элемент	Градуирлеу ерітіндісінің массалық концентрациясы, г/дм^3
Cd, Li, Be, Sr	1
Ag, Cr, Mn	5
As, Co, Cu, Mo, Ni, Pb, V	10
Se	20
Ba, Sn	50
Al, Ti, Fe (372,0 нм)	100
Zn (307,6 нм)	1000

Графиттік кюветаға енгізілген элемент массасы (М, пг) (1) формула бойынша есептеледі:

$$M = C \cdot V, \quad (1)$$

мұндағы С - градуирлеу ерітіндісінің массалық концентрациясы, мкг/дм^3;

V – кюветаға енгізілген градуирлеу ерітіндісінің көлемі, мм^3.

Спектрометрге программалық қамтамасыз етуді пайдаланып, градуирлеу сипаттамасы белгіленеді.

10.7 Градуирлеу ерітіндісінің қабылдағыштығын тексеру

Градуирлеу ерітіндісінің қабылдағыштығын тексеру 10.6 бойынша құрғаннан кейін тікелей өткізіледі. Оны өткізу алдында 10.4 бойынша графиттік кюветаны күйдіру керек. Тексеру градуирлеу кезінде пайдаланылған 15; 20 немесе 25 мм3 ерітіндісін енгізу кезінде анықталатын элементтің массалық концентрациясын өлшеуде тұрады.

Ерітіндінің таңдалған көлемі кемінде үш рет графиттік кюветаға енгізу керек.

Спектрометрге программалық қамтамасыз етуді пайдалану арқылы барлық өлшемдер үшін массалық концентрация орташа мәні және алынған мәні салыстырмалы ОКА есептеледі. Градуирлеу сипаттамасы, егер:

- ОКА мәні 6 % аспаса;

- нақты мәнінен тиісті элементтің массалық концентрациясының орташа арифметикалық мәнінің ауытқуы (4-кесте) 12 % аспаса, қабылданбалы деп танылады.

10.8 Градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау

Градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау спектрометрде жұмысты бастау алдында және әрбір 15 -20 өлшеуден кейін өткізіледі.

Бақылау үшін үлгі ретінде 4-кестеде келтірілген массалық концентрация элементінің ерітіндісі пайдаланылады. Дозаланатын көлемдегі элементтің

массасы градуирлеу сипаттамасының ауқымына сәйкес келетін жағдайда басқа да концентрация ерітінділерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Бақылауға арналған 10 мм^3 - 40 мм^3 дейінгі үлгіні атомизатордың графиттік кюветаға кемінде үш рет енгізеді және жұмыстың таңдалған режиміне сәйкес элементтің массалық концентрация мәндерін өлшейді (3-кесте).

ОКА алынған мәндері 6 % аспауға тиіс. Градуирлеу сипаттамасы егер орташа арифметикалық мәнінің ауытқуы бақылауға арналған үлгідегі нақты мәнінің концентрациясы 15 % аспайтын жағдайда, тұрақты деп саналады.

Осы жағдайда градуирлеу сипаттамасы сынамаларды бұдан әрі өлшеуді өткізу үшін пайдаланылуы мүмкін. Кері жағдайда градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығының бұзылуына әкелетін себептер табылады (ерітінді дайындауда қате, графиттік кюветаның жұмысқа қабілеттілігін ресурсты пайдалану), оларды жояды және 10.6 бойынша спектрометрдің градуирлеуін өткізеді.

Тұрақтылығын алдыңғы бақылаудан кейін алынған нәтижелер күмәнді деп саналады, осы кезеңде өткізген сынама өлшемдері қайталанады.

Ескертпе. Зертхана осы тармақта келтірген мәндерден аспайтын жағдайда градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау және қабылдағыштығын тексеру кезінде пайдаланылатын нормативтердің меншікті мәндерін белгілеуге құқылы.

11 Өлшемдерді орындау

11.1 Сынамада анықталатын элементтің массалық концентрациясын өлшеу

Талдау 10.2 бойынша дайындалған сынама өтеді. Өлшемдерді өткізу тәртібі 10.4 бойынша бағалау және графиттік кюветаны міндетті түрде алдын ала күйдірумен спектрометрді пайдалану бойынша басшылыққа сәйкес іске асырылады.

Талдау сынаманың (10 мм^3) минималды ықтимал көлемінің графиттік кюветаға енгізуден басталады. Аналитикалық сигналдың алынған шамасына байланысты былай келіп түседі:

- егер сигнал шамасы (бірінші градуирлеу нүктесінен сигнал шамасының жартысынан кем), онда 40 мм^3 артық емес, дозаланатын сынаманың көлемі артады;

- егер концентрация мәндер орнында нәтижелер терезесінде «> калибр.» немесе «түзетілген мәні» белгісі пайда болатын жағдайда, онда сынама 10 мм^3 бастап 40 мм^3 дейін дозалау кезінде сұйытылған сынама сигналы градуирлеу сипаттамасы ауқымының ортасына сәйкес келетіндей сұйытылады. Сұйылту коэффициенті (2) формула бойынша есептеледі:

$$Q = \frac{V\hat{e}}{V\grave{a}} \qquad (2)$$

Мұндағы V_k – сұйытылған сынаманың көлемі, см^3;

V_a – сұйылту үшін алынған бастапқы сынаманың аликвоталық порциясы, $см^3$.

Дайындалған сынаманың таңдалған көлемі (бастапқы немесе сұйытылған) графиттік кюветаға кемінде үш рет дозалайды және элементтің массалық концентрациясын өлшейді.

Программалық қамтамасыз ету көмегімен алынған концентрацияның орташа арифметикалық мәнін және оның салыстырмалы ОКА мәнін табады.

Сынамадағы нақты элементтің массалық концентрациясын анықтау кезінде және градуирлеу кезінде талдауды өткізу шарттары сәйкес келуге тиіс.

Алынған нәтижелер, егер ОКА шамасы 6 % артпайтын жағдайда, қабылданбалы деп саналады. Мыс және молибден (массасы кемінде 5: пг) селен (массасы кемінде 100 пг) ОКА жоғары мәндері рұқсат етіледі (15 % дейін).

Сынаманың матрицалық эффектілері болуы ықтимал кезінде алынған нәтижелердің анықтығы қоспаларды енгізу арқылы растау керек.

Процедура мынадай: таңдалған көле сынамасын кюветаға енгізеді және «сынаманы кептіру» операциясы аяқтау алдында «Esc» батырмасын басу арқылы үзетін атомдау процесінің процедурасын іске қосады.

Бұдан әрі кюветаға аналитикалық сигнал градуирлеу сипаттамасы ауқымы шеңберінде 1,5 – 2 есе қалдыра отырып артатындай белгілі бір концентрация (мысалы, градуирлеу) элементі ерітіндісінің осындай көлемін енгізеді.

Атомдау процесінің процедурасын тағыда іске қосады және оы толығымен өткізіледі.

Кемінде үш рет қоспалы өлшемдерді қайталайды, элемент массасының арифметикалық мәнін табады.

Элемент массасының күтілетін мәні енгізілген сынама көлемінде болатын элемент массасы мен енгізілген қоспа көлеміндегі элемент массасы (пг) қосындысын білдіреді. Егер элемент массасының өлшенген мәні мен күтілетін мәні арасындағы айырмашылығы күтілетін мәнінен 15 % артпайтын жағдайда, онда сынама талдауының нәтижесі расталған деп танылады. Егер осы шарт орындалмайтын жағдайда, онда сұйылтау еселігін арттыру немесе сынаманы талдау шарттарын түзету (мысалы, 2 пиролиз сатысын енгізу, модификатор немесе Львов платформалы графиттік кюветада пайдалану) керек.

Львов платформалы кюветаны пайдалану кезінде 3-кестеде көрссетілгендерден 200-250 °С жоғары анықталатын элементті атомдау және тазалау температурасын белгілеу керек.

5-кесте. Модификаторды енгізу

Элемент	Модификатор	Концентрация, г/дм^3	Көлемі, мм^3	Енгізу тәсілі
AI	$Mg(N0_3)_2$	0,1	10	1,2
Be	$Pd(N0_3)_2$+ $Mg(N0_3)_2$	по 0,5	10	1,2
Fe	$Mg(NO_3)_2$	0.O1	10	1,2
Cd	$Pd(N0_3)_2$	0,5	10	1,2
As	$Pd(N0_3)_2$	0,5	10	1,2
Sn	$Pd(N0_3)_2$	0,5	10	1,2
Pb	$Pd(N0_3)_2$	0,5	10	1,2
Se	$Pd(N0_3)$	0,5	10	1,2
Ag	$Pd(N0_3)_2$	0,5	10	1,2
Zn	$Mg(NO_3)_2$	0,01	10	1,2
1-тәсіл. Модификатор және сынаманы кюветаға тікелей жүйелі енгізу (модификатор және сынаманың жиынтық көлемі 40 мм^3 аспауға тиіс) 2-тәсіл. Модификатор градуирлеу ерітіндісіне/сынаманы енгізу. 1 см^3 градуирлеу ерітіндісі/сынама 20 мм^3 модификатор бастапқы ерітіндісі 10 г/дм^3 массалық концентрациялық ерітіндісі				

Егер сынамаларды талдау кезінде Львов платформалы кювета және / немесе модификатор қолдануға қажеттілігі анықталатын жағдайда, онда осы шарттар үшін градуирлеу сипаттамасы тағы да белгіленеді.

5-кестеде модификаторлар мен олармен жұмыс істеу тәсілдерінің пайдаланылуы қажет етілетін элементтердің үлгілік тізімі келтірген.

Ескертпе. Қоспа әдісінің іске асырудың басқа да тәсілдерін қолдануға рұқсат етіледі, әсіресе, сынаманы графиттік кюветаға және енгізілген сынама және қоспаның жиынтық көлемі 40 мм^3 аспайтын жағдайда алғашқы енгізуден кейін кептірмей жүйелі енгізуге болады.

11.2 Бос сынамадағы анықталатын элементтің мөлшерін өлшеу

